

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

5. Тихоновская Г. С., Сапарова Ю.А. Константность и трансформация казахских народных обрядовых традиций // Вестник МГУКИ. 2015. №3. С. 143-147.
6. Айтжанова А. Б., Корнилко И. А. Воспитательная роль семейных традиций и обычаев казахов // Царскосельские чтения. 2013. №XVII. С. 279-283.

УДК 2-463

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ ФЕНОМЕНІ

Утебак А.А., Досмурзаева Д.О.

aknietutebak4@gmail.com, dosmurzayeva.do@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, «Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Д.О.Досмурзаева

Қайырымдылық көп ғасырлық тарихы мен дәстүрі бар күрделі, көп компонентті әлеуметтік-мәдени құбылыс. Қайырымдылық ұғымы ежелгі уақытта пайда бола бастады. Адамдар әрқашанда көмек көрсетуге ұмтылған және бұл құбылыс бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, адам табиғаты бойынша альтруист және әркімнің мейірімділік танытуға, ештеңесі жоқ адаммен бөлісуге, біреудің өмірін жақсартуға деген ішкі ниеттің бар болуы. Екіншіден, адамдардың айналасындағыларға көрсетілетін кез-келген көмек оларды жақсы, бақытты сезінетіндей етіп ұйымдастырылған.

Ертеде кедейлерге садақа беру, науқастарға қамқорлық жасау, жағдайы төмен балаларды қорғау дәстүрі әрқашан болған. Сонымен қатар, ежелгі уақытта тіпті яһудилер қарапайым ақшалай қайырымдылықтардан басқа қайырымдылық түрлерін қолданған. Олардың ішінде: қарыздарын бере алмағандарды кешіру, тұтқындарды сатып алу үшін ақша жинау, кедей отбасылардан шыққан қыздарға мәһір беру. Қайырымдылық ұғымы Ежелгі Грецияда белсенді түрде қалыптасты. Сол кезде қайырымдылық азаматтардың жалпы қабылданған моральдық міндетіне айналды және адамгершіліктің көрінісі ретінде қарастырылды. Ежелгі Рим тұрғындары қайырымдылықты басқа көзқараспен қарастырды. Оларда халықтың қорғалмаған санаттарына қаржылық, мүліктік және басқа да қолдау құдайлардың ықыласына бөлену, сондай-ақ қайтыс болғаннан кейін сыйақы алу тәсілі ретінде пайдаланылды [1].

Әлемдік діндер қайырымдылықтың қалыптасу фактісіне оң әсерін тигізді. Кітаптарда кедейлерге, науқастарға, әрекетке қабілетсіздерге көмектесуге тікелей көмек көрсету түрлері сипатталған. Орта ғасырларда христиан шіркеуі адамдарды ұйымдастыруда, жинауда және қолдауда басты рөл атқарды. Кейін әлеуметтік мәселелердің алғашқы заңнамалық шешімдері пайда бола бастады. Еуропада жетім балаларға, мүгедектерге және ауыр науқастарға арналған мемлекеттік мекемелер жұмыс істей бастады. Біртіндеп тікелей қайырымдылықтан жағымсыз әлеуметтік құбылыстарды жаһандық жоюға көшу байқалады. ХІХ ғасырда ауқатты тұрғындар бұрынғыдан да тиімді көмек көрсете алатын жеке қайырымдылық қоғамдары көбейді [1].

Аталған тақырып өзекті, себебі қазіргі қоғамда қайырымдылық құбылысы кең таралған. Соңғы жылдары Қазақстанда қайырымдылық қызметі кеңейуде және оны іске асырушылардың саны өсуде, осыған орай көмек көлемі де артуда. 2020 жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланған, сол жыл азаматтарды игі істер қозғалысының айналасына біріктірді. Оған дәлел бүкіл елден волонтерлер мен волонтерлік ұйымдарды біріктіретін QazVolunteer.kz заманауи алаңның яғни платформаның іске қосылуы [2].

Кең мағынада қайырымдылық - өтеусіз көмек көрсету. Қайырымдылық - бұл сатып алушыларға материалдық, қаржылық, ұйымдастырушылық және басқа да қайырымдылық көмек көрсетуге жеке және заңды тұлғалардың ерікті, риясыз қайырымдылығы. Қайырымдылықтың синонимі - филантропия сөзі (грек тілінен аударғанда филантропия-

адамгершілік). Бұл сондай-ақ альтруизм ретінде қарастырылатын және кез келген қайырымдылық бастамасын қолдайтын әлеуметтік белсенділіктің бір түрі. Қайырымдылықтың басты ерекшелігі – қайырымдылық түрін, уақытын және орнын, сондай-ақ атаулы көмектің мазмұнын өз еркімен таңдау. Қайырымдылық жеке адамдар немесе коммерциялық ұйымдар тарапынан қоғамдық игіліктерді қалыптастыруға ерікті түрде үлес қосу деп түсініледі [3].

«Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (2022.04.07. жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) қайырымдылық – қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет [4].

Қазақстандағы қайырымдылық саласы басқа елдердегі сияқты жүріп жатыр деп айтуға болады ма? Америкадағы қайырымдылық пен Еуропадағы қайырымдылық бір-бірінен ерекшеленеді, себебі еуропалық мемлекеттер – әлеуметтік мемлекеттер, сондықтан Америкада қайырымдылық қамтамасыз ететін көп нәрсені Еуропада мемлекет мойнына алған. Қазақстан – өзін әлеуметтік мемлекет деп санайтын, бірақ мемлекет тарапынан да, халық тарапынан да қайырымдылыққа қатысты үлкен күтіліс бизнеске бағытталған. Қазақстандық сарапшылар бұл сөздің тура мағынасында елде қайырымдылық жоқ деп мәлімдейді. Мысалы, қайырымдылық саласындағы жыл сайынғы «Алтын Жүрек» ұлттық сыйлығын құрушы Жұлдыз Айтбаева бізде өзі үшін белгілі бір пайда ала отырып, демеушілікпен айналысуды жөн көреді деп есептейді [5].

Қазіргі таңда мамандар қайырымдылықтың бірнеше түрін бөліп көрсетуде.

Қайырымдылықтың түрлері



1 Сурет. Қайырымдылықтың түрлері

1. Жеке және корпоративті. Жеке-адам өз еркімен қаражатты, заттарды және басқа ресурстарды басқа адамның қажеттіліктеріне, белгілі бір адамдар тобына немесе жеке әлеуметтік бағытқа беретін көмек түрі.

Корпоративтік қайырымдылық коммерциялық ұйымның әлеуметтік жұмыста, әлеуметтік бағдарланған бизнесте жатыр. Ол әлеуметтік жобаларды қолдауға, мұқтаж жандарға көмектесуге бағытталған. Компаниялар қайырымдылық саласын таңдай алады, өздерінің қайырымдылық қорын құра алады.

2. Өздігінен және жүйелі. Бұл көмек көрсетудің қарқындылығы туралы. Белгілі бір адамға немесе қайырымдылық жобасына бір рет көмектесуге немесе тұрақты қайырымдылық жасауға және кез келген әлеуметтік жобаны немесе қайырымдылық қорын тұрақты негізде қолдауға болады. Сондай-ақ, әлеуметтік жобаларды немесе мекемелерді жүйелі түрде қолдауды ірі компаниялар немесе шағын және орта бизнес жүзеге асыра алады.

3. «Партизандық» және институттандырылған. «Партизандық» қайырымдылық деп жеке қайырымдылықты айтады. «Адамдар өздігінен немесе достарымен және туыстарымен кез келген нәрсені жасағанды айтамыз. «Партизандар» мұны қалай істеу керектігін өздері жақсы біледі және қорларға сенбейді. Ал институттандырылған қайырымдылық коммерциялық емес ұйыммен немесе қормен бірге көмек көрсетуді қамтиды [6].

Қанша уақыт болса да өз айналасына жылу әкелетін адамдар қатары сиремеген. Қайырымдылықты ғылымда зерттеушілер интеллектуалды және этикалық деп екіге бөлген. Этикалық түрі – ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділеттілікпен сипатталса, интеллектуалды қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі, сезімталдық жатады. Ал ислам дінін зерттеушілер оны зекетпен тығыз байланыстырады.

Батыс зерттеушілері «қайырымдылық жарысы» әлеуметтік жобасын ұйымдастырып, онда Қазақстан 96-шы орынға орналасқан. Әлеуметтанушы мамандар жүргізген зерттеу нысаны ретінде 146 ел таңдап алынған. Нақты деректерге сүйенсек, әлеуметтанушылар ұсынған сауалнамаға жалпы 150 мыңнан астам адам жауап берген. Зерттеу қорытындысы бойынша, әрбір бесінші адам өмірінде бір рет болса да қайырымдылық жасап, еріктілер қатарында болған. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі өздері танымайтын адамдарға қол үшін беруді әдетке айналдырған. Сондай-ақ олардың 30% қайырымдылық ретінде коммерциялық емес ұйымдарға ақша аударған. Мамандар қайырымдылықтың пайдасын жиі зерттеп, ел арасында насихатын күшейткен. Солардың бірі белгілі әлеуметтанушы Дейв Адамс. Ол қайырымдылыққа ерікті болуға итермелейтін себептердің тізімін жасаған. «Игі істер денсаулыққа оң әсерін тигізіп, адам өмірін ұзартады. Сондай-ақ жеке тұлға ретінде дамуға көмектеседі» деп атап өтті зерттеуші [7].

Әлемнің кейбір елдерінің тұрғындары ерекше жомарт және ол үшін адамға бай болу міндетті емес. World Giving Index (WGI) - бұл Charities Aid Foundation қайырымдылық қоры жариялайтын жыл сайынғы есеп. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қайырымдылық әрекеттерінің әлемдегі ең үлкен шолу есебінде, қайырымдылық шараларын үш санат бойынша қарастырады: ақша беру, еріктілік уақыт және бейтаныс адамдарға көмектесу. Қайырымдылықтың аталған үш түрінің ішінде бейтаныс адамға көмектесу дүние жүзінде ең кең тараған түрі, соңғы он жылда 2,5 миллиардтан астам адам бейтаныс адамға көмек көрсеткен [8].

Ең үздік қайырымдылық елдерінің қатарында Индонезия, Австралия, Жаңа Зеландия, АҚШ және Ирландия тұр. Ауғанстан, Морокко және Йемен елдерінде керісінше. Ал Қазақстан халқының 28% қайырымдылық жасауды дағдыға айналдырған [8].

2021 жылдың бірінші тоқсанында «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының бастамасымен жүзеге асырылған «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық жүйесі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтар қайырымдылық шараларына өте белсенді және осы практикаға қатысуға әлеуеті дайын. Қазақстандықтардың көп бөлігі (54,4%) қайырымдылыққа оң көзқараспен қарайды және мұқтаж жандарға көмектесуге тырысады. Қазақстандықтардың көпшілігі (46,9%) кез-келген қайырымдылықты ақысыз көмек түрі деп түсінеді [5].

Сонымен қатар, оны әлемдегі болған пандемия қазіргі қоғамда жақсылық пен мейірімділіктің қаншалықты маңызды екенін айқын дәлелдеді. Қазақстан әлемнің әртүрлі елдеріндегі мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, БҰҰ-ның еріктілер бағдарламасының белсенді қатысушыларының біріне айналды.

Осылайша, бүгінгі таңда қайырымдылық белсенді даму процесінде деп айтуға болады. Қазіргі уақытта ұйымдар арасындағы өзара әрекет, бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үрдісі байқалады. Жәнеде қайырымдылықтың жаңа түрлері, сондай-ақ қайырымдылық қаражатын жинау құралдары пайда болуда. Бүгінгі таңда интернет-қайырымдылық үлкен танымалдыққа ие болуда. Қайырымдылық қызметтің бұл түрінің негізгі артықшылықтарына қол жетімділік, тиімділік, көрнекілік, ауқымдылық, қатысушылар контингенті әртүрлі болуына байланысты әртүрлі ресурстарды тарту мүмкіндігі жатады.

Негізгі кемшілігі - алаяқтық мүмкіндігі. Әрине, бұл әлеуметтік құбылыс одан әрі талдауды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. История благотворительности и социальной работы в России и за рубежом: учебное пособие / сост. Т. С.Еремеева, Н.Ю.Щека. – Благовещенск: Амурский гос. ун-т, 2017.
2. <https://qazvolunteer.kz/kk/about>
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б.
4. «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V Заңы (2022.04.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық жүйесі» әлеуметтанулық зерттеуі / «Рухани Жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, Нұр-Сұлтан, 2021. – 75 б.
6. <https://te-st.org/2018/04/18/what-means-charity/>
7. <https://turkystan.kz/article/78746-aza-zh-ne-ajyrymdyly/>
8. <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/most-charitable-countries>

УДК 378 (045)

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ СУПЕРВИЗИЯНЫҢ ПОТЕНЦИАЛЫ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна

1-курс докторанты

abai777@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекші: психология ғылымдарының кандидаты С.К.Кудайбергенова

Әлеуметтік қызметкердің клиентпен өзара әрекеттесуге дайындығының негіздері кәсіптік білім беретін оқу орнында қаланып, біліктілігін арттыру жүйесінде жетілдіріледі. Әлеуметтік жұмыс маманын кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудағы перспективті бағыттарының бірі – супервизия мүмкіндігінше пайдалану.

Супервизия-дегеніміз «қадағалау», «тәлімгерлік». Бұл кәсіби деңгейді, кәсіби білім мен іскерлікті кеңейту және мамандардың жеке өсуі үшін маңызды кәсіби қолдау жүйесі. Супервизияның негізгі міндеті супервизиядан өтетін мамандардың қызметі мен кері байланысын талдау болып табылады. Нәтижесінде мамандардың өз жұмысын, туындаған қиындықтардың себептерін, өзінің күшті және әлсіз жақтарын және одан әрі кәсіби даму жолдарын түсінуі пайда болады. Супервизия-бұл қарқынды кәсіби және тұлғааралық құзыреттілігін арттыруға бағытталған іс-қимыл. Супервизия әдісі кәсіби қиындықтарды шешуге, клиентке қатысты өз іс-қимылдарының тиімділігін талдауға, мақсат жағынан бағалауға және күрделі жағдайларда өз реакцияларын қайта ойлауға, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін, клиенттермен және әріптестерімен қарымқатынасын объективті бағалауға, мәселе жағынан қарауға және жаңа шешімдер табуға мүмкіндік береді. Супервизия өзінің практикалық жұмысын әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман жүзеге асыратын кез келген ұйымда орын алуы мүмкін. Ұйымдар арасында ақпарат алмасу үй жағдайында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын болдырмауға және анықтауға ықпал етуі мүмкін. Практиктерге арналған кәсіби супервизия бағдарламалары Қазақстандағы супервизия институтының дамуына ықпал етуі мүмкін. Әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік қызметкерлер, әдетте, олардың клиенттерінің ішіндегі адамдар ең көп сенетін мамандар болып табылады, бұл жоғары кәсіби қауіп-қатерлер мен психо-эмоциялық жүктемені куәландырады. Әртүрлі дәрежедегі әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман өзінің психо-